

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Смирнов Е. Сырь-Дарьинская область. Описание, составленное по официальным источникам. – СПб.: Типография М.М. Стасюлевича, 1887. – 356 с.
2. Себепов Ф. Түйе және оның әбзелі туралы қазақша атаулар // ҚазССР ҒА Хабаршысы. Тіл және әдебиет сериясы. – 1944. – №1. – 145-155 б.
3. Естественная история Оренбургского края. Сочинения Эдуарда Эверсмана. Часть первая. – Оренбург, 1840.
4. Кумеков Б.Е. Государство Кимаков IX-XI по арабским источникам. – Алма-Ата: Издательство «Наука» Казахской ССР, 1972. – 159 с.
5. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. Отчет о работах Почвенно-ботанического отряда Казахстанской экспедиции Академии наук СССР, исследование 1926 г. Вып.13. Серия Казахстанская. Под ред. И.В. Ларина. Пер. загл. авт. М.М. Ищенко, И.С. Казбеков. – Л.: АН СССР, 1928. – 216 с.+илл.
6. Шахназаров А.И. Сельское хозяйство Туркестанского края. – СПб., 1908. – 512 с.
7. Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. – Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895. – 360 с.
8. Туземцы Закаспийской области и их жизнь этнографический очерк. Составил О.А. Михайлов под редакцией начальника Закаспийской области генераль-лейтенанта А.А. Боголюбова. – Асхабад, 1900.
9. Спасский Г.И. Киргиз-кайсаки Большой, Средней и Малой орды // Сибирский вестник. Ч.Х. – СПб., 1820.
10. Масанов Н.Э. Казахи: народ и культура // История Казахстана: народы и культуры: Учеб. Пособие / Масанов Н.Э. и др. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 84-112.
11. Внутренняя киргизская орда (краткий статистический очерк). – Астрахань: Типография губернского правления, 1891.

ӘОЖ 902/904

ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ-ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АТАУЛАРЫ.

Нұрғожин Ерболат Құтбекұлы

erbolat_nk@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, магистрант, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А.Т. Жанисов

Бұрынғы кезден қазіргі уақытқа дейін жалпы Торғай өңірінің тарихи-географиялық атауларының шығу тәркінің білу қызықты тақырыптардың бірі деп айтсақ болады. Торғай өңірінің аумағы қандай үлкен екені бәрімізге мәлім. Ертеде өткен ата-бабаларымыз елді-мекен, жердің мән сырын ашатындай, солардың әрқайсысына шебер ат қоя білген. Осы мақалада негізгілеріне қысқаша тоқталып отырмыз.

Біз бұл аймақтың топонимикасының қалыптасуының келесі кезеңдерін көрсете аламыз:

1. Ежелгі кезең (ежелгі дәуірден б.з. д. III ғасырға дейін). Осы кезеңде топонимияның ең ежелгі платасы, яғни үнді-иран және угро-фин халықтарының осы жерде өмір сүрумен байланысты.

2. Түркі-моңғол кезеңі (б.з. д. III ғ. – XV ғғ.). Бұл кезеңге жалпы түркі шығу тегімен байланысты топонимдер, негізінен гидронимдер мен оронимдер, қазіргі потестарлық (рулық-тайпалық) қазақ этносының құрылымын жатқыза аламыз.

3. Сібір-қалмық кезеңі (XV ғ. - XVII ғ.). Осы кезең, Сібір хандығының өмір сүруімен және Солтүстік Қазақстан даласындағы қылмықтармен байланысты. Сонымен қатар, аймақ картасында көптеген моңғол шығу тегіне байланысты топонимдер пайда болды.

4. Кейінгі Қазақ кезеңі (XVII ғ. – 1752 ж.). Осы кезеңде аймақ топонимикасының негізгі қабаты, ойконимдердің, гидронимдердің, оронимдердің яғни, бүгінгі таңда дәстүрлі топонимдерге қатысты қалыптасады.

5. Славян кезеңі(1752 жылдан бастап XX ғ. дейін) бұл кезеңде топонимиканың қалыптасуы еуропалық ойконимдердің, негізінен славян тектес болып келеді. ал XVIII – XIX ғасырлар аралығында топонимдер аймақтың солтүстік-шығысында, әскери казактардың отарлау аймағында, содан кейін XIX ғасырда славян тектес топонимдер бүкіл аймаққа таралады [6, 18 б.].

Торғай даласы – кара бұлттай қаптаған төрт түліктің өлкесі, майталман малшылардың құтты қонысы. Торғай – толқып аққан өзендері мен тұнып аққан көгілдір көлдері көп сулы өлке. Облыстың жерін басын Ұлытаудан алатын сан-салалы, сан тараулы Торғай өзені жарып өтеді. Жайшылықта сабырлы болып көрінетін осы бір өзеннің көктем күндерінде тасығанда кемерінен асып, кең жайылып, айлар бойы жүргіншіге жол бермей жататын мінезі де бар. Ернеуінен ақырын суы есіліп жағаға жайлап соғып жататын ежелгі өзен Есіл де Торғай елінің береке құтының алтын арналарының бірі [4, 16 б.].

Заманауи техникалық құралдар бір көзқараспен құс ұшатын биіктіктен ірі ауқымды табиғи объектілерді қарауға мүмкіндік береді.. Жануарлардың, құстардың, заттардың таныс құрылымы бар ірі жер объектілерін кездестіруге болады. Бұлардың барлығы қазақтың географиялық атауларында көрініс табады. Бірақ техникалық құралдар болмаған кезде де ата-бабаларымыз байқағыш болған [2, 11 б.]. Осыған орай жалпы Торғай даласындағы топонимикалық өзен-көл атауларына тоқтала кетейік.

Жалмауыз – Амангелді ауданының аумағындағы шағын тұзды көл. Үрпек-Қабырға көтерме жолының жиегінде орналасқан. Оған көктемде Үлкен Абай және Кіші Абай деп аталатын сайлармен қара суы құйылады. Табаны құмдақ болғандықтан жиналған суды тез сіңіріп, құрғап қалады. Кезінде Торғай ояздық кеңесінің төрағасы Б.Қаралдин Жалмауыздың суын тұщытып, ел жайлайтын қоныс етпек болған. Көлді Торғай өзенінің су жайылатын кемерінен ені жарты шақырымдай ғана қырат бөліп тұр. Байқадам осы қырақадан арық қаздырып, тасқын суды көл табанына сіңдірмей, жайылымға ағызып, кейін тұзсыз топырақ төсетуді жоспарлаған. Бірақ қайраткерлердің ол ойы жүзеге аспай, Жалмауыз тұщы суды әлі де жалмап жатыр [1, 175 б.]. Яғни, осы арқылы біз бұл көлдің атауының қайдан шыққанын түсіне аламыз.

Топалаң – шағын көл. Амангелді ауданы Тасты ауылдық округінің аумағында орналасқан. Алабы жайылымдық, қамыс, қоға, бұта өседі. Бір жылы қойға топалаң тиіп қырылып қалғандықтан жер аты осылай аталған [1, 390 б.].

Терісаққан – Есілге құятын өзен. Қарағанды облысының Ұлытау ауданы аумағындағы Бақаншайыншақ тауы етегіндегі бұлақтардан бастау алығандықтан осы атау беріліп отыр. Тұщы суы аздап кермек тартқанымен ішуге жарамды, егістік жерлерді, шабындықтарды суаруға пайдаланылады. Негізгі салалары: Балатерісаққан, Ащылы, Шабдар, Көкпекті, Қайрақты. Өзен бойында елді-мекендер орналасқан [1, 387 б.]. Тағы бір мәліметтерде «теріс» сөзін «солтүстік» сөзімен байланыстырады. Яғни, «солтүстікке ағып жатқан өзен» мағынасында айтылады [2, 24 б.].

Қабырға – Қостанай облысындағы өзен атауы. Бұл өзен Өлкөйекпен қатарласып ағып жатыр. Өзен формасы иіліп келгеннен, яғни қабырғаға ұқсағаннан осы атауға ие болып отыр [2, 11 б.].

Сонымен қатар, топонимикалық атаулардың шығуын жергілікті халық белгілі бір аңыз-әңгімелермен байланыстырады. Солардың кейбіреуіне тоқтала кетсек.

Қызжарған – Амангелді ауданындағы жер атауы. Бесқопа өңіріндегі қыраттар арасында қар суы жиналатын табан. Шөбі шұрайлы бұл шабындықты ел ертеден қоныс тепкен. Жер атауына байланысты ел аузында мынадай аңыз сақталған. Бір байдың қалыңдық таңдаған жас мырзасы осы табанды жайлаған ауылда жаңа ғана өмірге келген нәрестенің шілдеханасына тап болады. Жігіттің жанындағы жолдасының көріпкелдігі бар екен, сол «Осы қыз сенің қалыңдығың болады» дейді. «Мұны күтіп, қалыңдық қылғанша қазір-ақ

көзін құртайын» деген жігіт бесіктегі қызды жарып кетеді. Осыдан кейін бұл табан Қызжарған аталады. Арада біраз жыл өткен соң жігіт таңдап жүріп, бір сұлу қызға үйленеді. Сөйтсе, бұл баяғы өзі жарып кеткен нәресте болып шығады. «Жазымыштан озымыш жоқ» екенін жігіт сонда ғана ұғады. Бір қызығы, тундрадағы бас-аяғы мыңға жетпейтін юкагир халқының жазушысы Семен Куриловтың «Халедо мен Ходейдо» (1952) деген дилогиясында осы оқиға айна қатесіз келтірілген [1, 276 б.]. Қызжарған – Амангелді ауданындағы жер атауы. Бесқопа өңіріндегі қыраттар арасында қар суы жиналатын табан. Шөбі шұрайлы бұл шабындықты ел ертеден қоныс тепкен. Жер атауына байланысты ел аузында мынадай аңыз сақталған. Бір байдың қалыңдық таңдаған жас мырзасы осы табанды жайлаған ауылда жаңа ғана өмірге келген нәрестенің шілдеханасына тап болады. Жігіттің жанындағы жолдасының көріпкелдігі бар екен, сол «Осы қыз сенің қалыңдығың болады» дейді. «Мұны күтіп, қалыңдық қылғанша қазір-ақ көзін құртайын» деген жігіт бесіктегі қызды жарып кетеді. Осыдан кейін бұл табан Қызжарған аталады. Арада біраз жыл өткен соң жігіт таңдап жүріп, бір сұлу қызға үйленеді. Сөйтсе, бұл баяғы өзі жарып кеткен нәресте болып шығады. «Жазымыштан озымыш жоқ» екенін жігіт сонда ғана ұғады. Бір қызығы, тундрадағы бас-аяғы мыңға жетпейтін юкагир халқының жазушысы Семен Куриловтың «Халедо мен Ходейдо» (1952) деген дилогиясында осы оқиға айна қатесіз келтірілген [1, 276 б.].

Жолшора – Амангелді аумағындағы жер атауы, Үрпек-Қабырға көтерме жолының бойындағы нарқамысты үлкен қопа. Қазақ-қалмақ шапқыншылықтарының бірінде қазақ батыры жекпе-жекке шыққан дұшпанының басын шауып түсірсе, қарсыласы қыз екен. Қалмақтың сол батыр қызының құрметіне ел қопаны Жолшора атаған [1, 198 б.].

Қарсақбасы – Жангелдин ауданы аумағындағы жер атауы, биік төбе. Ел аузындағы аңызға қарағанда қазақ пен қалмақтың бір қақтығысында: «Екі жақтан екі әйел шықсын. Күресте қай елдің қызы жықса, жеңіс соныкі болсын» деп келіседі. Күреске Қарабас батырдың қызы Қарсақ шығып, қарсыласын жығып, кеудесінен басып, тізерлеп отырып: «Әйел болып келіп ең, бағыңды ашып, еркек ұылып жіберейін» деп шашын сыпырып алады. Сөйтсе әлгі балуан басына шаш жапсырған жігіт екен. Арамза қулықтары әшкере болған қалмақтар айыбына Торғай өзені бойындағы бірталай жерді қазақтарға қалдырып, екі жақ тоқтасыпты. Сол екі ел бітімге келіп, күрес болған төбе балуан қыздың есімімен Қарсақбасы атаныпты. Бұл ұзынша төбе Қарабас батырдың қарауыл шоқысы болған [1, 250 б.].

Өгізкөк – Амангелді ауданы аумағындағы жер атауы, нар қамысты қопа. Бұрынырақта Өлеңді бидайық аталған. Көктемде табанына қар суы жиналады да, жазда шұрайлы шабындыққа айналады. Бір көк өгіз өлген соң Өгізкөк атанып кеткен [1, 337 б.].

Торғай жері, Торғай елі көп оқиғаның куәсі. Бұл белгілі революционер Әліби Жангелдин, батыр Амангелді Иманов туған, жастық шағын шыңдап, өскен жер. Олар осы жерден, осы елден нәр алып, тұлғалы азамат болды. Олар қазіргі біздің бақытты, берекелі, шаттық өміріміз үшін күресті [5, 3 б.]. Яғни, сол кісілердің құрметіне сол елді-мекенде аудан атаулары беріліп отыр. Топонимикалық атаулардың шығуына тағы бір себеп, ол сол мекенде болған тарихи оқиғалармен астасып жатыр.

Жалау – тарихи жер атауы. Хан моласының қарсы бетіндегі биік төбе. Қорымнан 5 км қашықтықта. 1731 жылы Ресей патшасының бодандығын мойындап, ант берген Кіші жүз ханы Әбілқайырдың негізгі бақталасына айналған Барақ сұлтан осы төбенің басына туын тіккен деген аңыз бар.

Теңізбай суаты – Жангелдин ауданы аумағындағы жер атауы. Өңірге есімі белгілі Теңізбай батыр Бабасұлының қысқы қонысы болған [1, 387 б.].

Кіндікті – Амангелді ауданындағы жер атауы, жайылымдық. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында қырдағы бытыраңқы елдің басын қосып, отырықшыландыру ниетімен осы жерден кеңестік кіндік қала салмақ болып, құрылыс жұмыстарын бастаған. Бірақ бұл жұмыс кейін аяқсыз қалған. 1932 жылғы ашаршылықтан кейін бос қалған бұл жер ХХ ғасырдың 50-жылдарында қайта игеріле бастаған [1, 233 б.].

Екідің – Арқалық ауданына қарайтын елді-мекен. Бұл атауды сол аймақтағы Екідің сәулет өнері ескерткішімен байланыстырады. Археолог-ғалымдар дің құрылыс қазіргі

Қазақстан аумағындағы Түрік қағандығы мен Қыпшақ мемлекеті құрылған кезеңде (8 ғ.) оғыз-қыпшақтар, қарлұқтар т.б. тайпалар арасында кең тарағандеген пікір айтады. Оның жоғарғы жағын күмбездеп немесе шошақ етіп, тастан, кірпіштен, балшықтан қалаған. Негізінен өлген адамның қабірі басына тұрғызылған діндер соғыс кезінде дұшпан жолын бақылап отыратын қарауыл ретінде де пайдаланылған. Бірінші дің Екдің ауылынан Қайыңдыға қарай шығатын жолдың бойында, өзеннің оң жағалауында орналасқан. Сыртқы пішіні киіз үйге ұқсас, төбесі құлаған. Іргесінен жоғары қарай бүрмеленіп, қоңыр түсті жалпақ тақта тастардан өрілген. Қазіргі биіктігі 3.1 м. Есік ойығы шығыс жағында. Іргелерінің диаметрі 5 м. Дің айналасындағы жермен тегістеліп кеткен қабірлер бір бірімен тас жолдар арқылы жалғасады, олар белгілі бір тәртіппен, торкөзді шеңберлер жасаған. Екінші дің Қараторғай өзенінің сол жағалауында, елсіз төбеде орнатылған. Қазіргі биіктігі 3.5 м. Екі діңнің қазақ жеріндегі ислам дініне дейінгі құрылыс үлгісі ретінде ғылыми маңызы зор. Ескерткішке 1959 ж. Ә.Марғұлан жетекшілік еткен археологиялық экспедиция зерттеу жүргізген. 1982 жылдан мемлекет қорғауына алынған [1, 164 б.].

Жаратылыс жан ананың өзі жайылым үшін қолдан жаратқандай шөбі шүйгін, «шыбынсыз жаз» жерінің бірі – атақты Тосын бұйраты. Сондықтан да, алуан-алуан теректал, неше түрлі құнарлы, қуаты мол шөп өседі. Көлденені жиырма, ұзына бойы алпыс шақырымдай жерді алып жатқан Ақкөл Торғай өлкесінің ақ теңізі секілді. Ақ бөкендердің, аққулардың, ақ балықтардың, ақтылы қойдың мекені Ақкөлге: «Көл ішіндегі керемет көлдердің бірі екен.», - деп жаһанға атағы шыққан Сәбит Мұқанов та сұқтанған еді [4, 25 б.]. Яғни, елді-мекен, жердің атауы өзіндік географиялық ерекшелігімен байланысты. Жергілікті халық топонимикалық атау қойған кезде жер бедерін табиғи ерекшелігін басты назарда ұстаған. Оған дәлел беретіндей атаулар жетіп жығылады.

Маятас – жер атауы, Екідің ауылының оңтүстік шығыс жағында орналасқан. Пішімі үйген маяға ұқсас тасты төбелер мен жақпар тастар төбесінен төңірегіндегі жерлер айқын көрінеді. Сол себепті жер атауы «маятас» деп аталған. Бұл төбелер арасындағы үңгірлі шатқалдарды ел қоныстанып, қыстаулар салған. Оларды бейсауыт кісілердің тауып баруы қиын, үстінен түскенше көзге шалынбайды [1, 287 б.].

Ақирек – терең аңғар, табиғат ескерткіші. Ақкөл мен Қарақұм арасында орналасқан. Кең алап тұтасқан ақирек өрнекпен белдеуленген. Яғни, бұл аңғар атауын осы өрнекпен байланыстырсақ болады. Жер беті әртүрлі құм, қиыршық тастардан құралған. Ел арасындағы ертедегі теңіз түбінің шөгінділері деген пікір сақталған. Осынау алабы кең шатқалдан Үлкен Тегене, Кіші Тегене деген шағын өзендер бастау алып, көктемде қатты тасиды. Тегене суы Қарғалы, Қайдауыл, Шыршық, Қоянқарта, Ақмамық деп аталатын өзекше, терең арналы сай, ұлтанды шабындықтарды басып, Шұбар теңіз арқылы Жыңғылды өзекке құяды [1, 25 б.].

Тентексай – Амангелді ауданындағы жер атауы. Көктемде қар суынан тасиды. Қабырға өзенінің Ұялытоғай деп аталатын иірімінен бастау алады. Тасығанда ағысы қатты, доғаша иіліп, Қаралды елді-мекенінің түбінде Қабырғаға қайта құяды. Жазда үзік-үзік қара суларға бөлініп қалады. Балыққа бай. Ағысы бәсеңдеген кезде жергілікті тұрғындар шағын бөгеттер салып, суын тоқтатып, аяқ егінге пайдаланған [1, 387 б.].

Жартоғай – Торғай өзенінің бойындағы ежелгі өткел. Амангелді және Жангелдин аудандары аумағының шегаралас тұсында орналасқан. Өткелдің батыс жағы жарқабақты, ал шығыс қанаты жайпақ, тал, түрлі бұталар өскен жыңғылды тоғай болып келеді. Сондықтан бұл өткел Жартоғай атауына ие болған [1, 190 б.].

Бесқопа – Жангелді ауданы аумағындағы атырап. Торғай және Қабырға өзенінің арасындағы алқапқа орналасқан. Ұлы төңкеріске дейін Торғай болысы тұрғындарының тең жартысына жуығы осында қоныстанған. Қопаның биік қамысы әрі отын, әрі малға ық. Қалың қамысын кезінде құрылыс материалы ретінде пайдаланған [1, 128 б.].

Құмкешу – Амангелді ауданындағы жер атауы, Арқалық-Торғай тас жолының бойында созылып жатқан құмды дала. Ежелгі замандардан ел қоныстанған. Құмкешу құмы ешқайда ауытқымай, белгілі аумақта сусылдап, ілгері-кейінді көшіп жүреді. Археологтар Құмкешуден ежелгі қоныс орындары мен қорымдары тапты. Уәли Жанбосынов бастаған

Торғай көтерілісінің сарбаздары генерал Тургеневтің жазалаушы отрядын осында қарсы алып, қарусыз ауыл тұрғындарына патша жендеттері жантүршігерлік зорлық-зомбылық көрсеткен [1, 271 б.].

Қызбел – Жангелдин ауданы аумағындағы қырқалы жон. Ұзынынан созылып жатқан қыратты жер алыстан қарағанда қыз мүсінін елестетіп, орта тұсында жота жіңішкере келіп, қыз беліне ұқсайды. Сондықтан жергілікті халық бұл қыратты осылай атаған. Ол әрі қарай Қостанай бағытында Наурызым қорығының оңтүстік жағын ала Қызбелтауға ұласады. Беткелдері жыра, сайлармен тілімделген. Шығыс және оңтүстік етектері құлама жарбақтанып, Торғай қақпасына тіреледі. Қызбелді жаз бойы ел жайлап, мал бағады [1, 275 б.].

Жер-су мен елді-мекеннің тарихи атауларына тек қана атау деп қарауға болмайды. Атаулар қашанда жердің тарихын, атын ғана емес, халықтың жерге деген қамқорлығын тарихи танымын, ұрпақтың ата-мекенге деген жақындығын тарихи өлкені тануын білдірсе керек. Торғай даласындағы атауларға байланысты деректер біршама. Ғалымдардың жазған еңбектері де аз емес. Демек, сөзінде құпия жасырынған, ақиқат бейнеленген қазақтың жер-су атаулары жас ұрпақ үшін тұнып тұрған тағылым.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Торғай елі энциклопедиясы. Жоба авторлары: Т.Рсаев, Ж.Кенжалин, Ж.Бекболатұлы, Ғ.Әнес. Алматы-2013ж. 456 бет.
2. Память земли тюрко-монгольской: истоки и символика топонимов (Тюркский меридиан). Марат Семби. - Алматы: КазНИИК, 2013. - 296 с. (Серия «Труды КазНИИК». Том I)
3. Древний Тургай и великая степь: часть и целое. Сборник научных статей, посвященный 70-летию Виктора Николаевича Логвина. Ответственный редактор – А.З. Бейсенов. Қостанай-Алматы 2015ж. 532 с.
4. Тургайская область . Сырбай Мәуленов. Алма-Ата «Өнер» 1983 с. -60с.
5. Торғай даласын суландырып, толық игерейік. Қызжан Нұрғазин. «Қайнар» баспасы, Алматы-1975ж. - 80 бет.
6. Историческая топонимика Костанайской области. В5-ти частях. Научное издание. Часть I (Мендыкаринский, Узынкольский районы). – Костанай: ТОО«Костанайполиграфия», 2009. Абиля Е.А., Алибек Т.К., Байдалы Р., Күзембайұлы А., Мурзахметов К., Урманов К.Т. - 186 с.

ӘОЖ 902/904

ҚОҒАМ МОДЕРНИЗАЦИЯСЫ БАРЫСЫНДАҒЫ ӨТКЕНДІ САРАЛАУ

Рысбергенов Мұса Ахатұлы

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті,
тарих факультетінің АЭ-21 тобы студенті
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Кез келген қоғамдық ғылымдардың мақсаты – қоғамның өзі зерттейтін бір қырын оң тұрғыдан дамыту болып табылады. Бұл тұрғыдан тарих ғылымдары ұлттың өзін-өзі анықтауына, оның идеологиясының қалыптасуына, қалыпты әлеуметтік пікірге әсер ететін негізгі қоғамдық ғылым болып саналады. Дегенмен, ұлт пен қоғамның бейнесін қалыптастыратын аталған пазлдар екі жақты сипатқа ие. Мына дүниеде әр құбылыстың шеткі көріністері болады, және өз мүддеміздің жүзеге асырылуы ретінде біз қай шеткі жаққа салмақ түсірсек те, сақтағымыз келген қазынамыздан айырылып қаламыз, немесе ол құндылықты тоздырып жібереміз, немесе сапалық тұрғыдан іске асуын нашарлатамыз. Нәтижесінде, танымның деформацияланып қалыптасуы, түбінде бізді алыстағымыз келген нәпақаға алып келетін болады. Бұл мақалада менің қарастырғым келіп отырған мәселе нақты